

Қ. АЙНАБЕКОВТІҢ ТУҒАНЫНА 105 ЖЫЛ

Қарағандылық халық ақыны Қайып Айнабеков өзіндік өлең өрнегі, суреттеу мәнері бар, өзінше ой топшылай білетін ерекше дарын несі еді. Өзі көтерген қандай да бір тақырыпты болмасын жалпы сарынмен, ескі сұрлеумен кетпей, оны өзінше түсініп, өзінше шешіп, жырлайтын. Сондықтан да оның ақындық үні өз тұрғыластарынан өзгеше, соны да талқ естілетін. Оның үстіне Қанып Айнабеков өз халқымен тығыз байланысқан, оның қайнаған ортасынан шығып, қым-қуыт өміріне терең бойлап, батыл араласқан азамат-ақын еді. Сондықтан да ол халық өмірін, ел тұрмысын және адамдар психологиясын өте жақсы да терең білетін. Оның шығармаларының негізгі арқауы—туған халқының өмірі, өз елінің тұрмысы, өз ел-жұртының мүддесі болатын. Сондықтан да оның шығармалары оқырман қауымның көкейіне тез қонып, жүрегінен мықты орын тебетін.

Халық ақыны Қайып (шын аты Қаныпберлі) Айнабеков 1885 жылдың жазында осы күнгі Қарағанды облысының Нұра ауданына қарасты Көбетей (қазіргі Черниговка селосы) деген ауылда, шағын шаруа семьясында дүниеге келеді. Әкесінен жастай айрылған Қайып өмірдің талай тауқыметін өз басынан кешіреді. Ақын өзінің алғашқы өлеңдерін 1905 жылдардан-ақ жаза бастады. Өйткені бұл жылдары бүкіл Россияның, оның шет анмақтарының бірі болып есептелетін Қазақстан өмірінде де елеулі оқиғалар болды. Оның біріншісі—бүкіл Россияны қозғалысқа келтірген 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы болса, екіншісі—патша министрі Столыпиннің, Жер реформасы болатын. Бұл реформа бойынша қазақ шаруалары өздерінің ата-мекен жерлерінен қуылуға, ал олардың орнына ішкі Россия мен оңтүстік Украинаның жерсіз қалған кара шаруалары көшіріліп әкелініп, қоныстануға тиіс еді. Кейін жағдай солай болды да. Мәселен, Есіл мен Нұра өзендерінің бойларын ғасырлар бойы қоныстап отырған қазақ шаруалары бұл өзендердің сулы да нулы деген жерлерінен қуылып, өзен бойларынан шалғай жатқан шөл және шөлейтті далаларға қарай ығыстырылды. Ал олардың орындарына оңтүстік-шығыс Украина-ның елсіз, жерсіз қалған кара шаруалары келіп, қоныстанды. Сөйтіп, Қайынтың көне ата-қонысы Көбетейдің орнына украиндықтар үйлер салып, село орнатып, оны өздерінің ескі ата-мекені «Черниговка» есімімен атады. Көбетейдің тұрғын-қазақтары енді қазіргі «1-май» селосының орнындағы «Шахаман» деген жерге қоныс аударды. Бірақ патшаның өкімет орындары қазақтарды ол жерден де қуып шығып, ол маңайға қазіргі Киевка мекенін салды. Қазақтар Құндызды, Кеңкияқ өзендерінің бойларына қарай ығысты. Осыған орай Қайып Айнабековтің туған жері де біресе Көбетей, бірде Кеңкияқ, біресе Көкмөлдiр деп аталып жүр. Расында ол кісінің туған жері Көбетей.

Міне, патша өкіметінің осындай шектен асқан отаршылдық саясаты, би-болыс, бай-молдалардың қарапайым халыққа көрсеткен озбырлықтары, шаруаның ауыр жағдайы, әйел теңсіздігі—міне осылар сияқты ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздіктер жас Қайыптың жүрегіне жара салып, ойын қозғайды. Бұрын ел ішінде «әнші Қайып», «Қайып сал» атанып, тек табиғатты, махаббатты, жастықты, достықты жырласа, енді әлеуметтік тақырыптарға қарай ойыса бастайды. Бұл жағынан алғанда, оның өзінен бұрынғы Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Ыбырай Сандыбайұлы сияқты әнші-ақындарға - ұқсастықтары болатын.

Қайыптың ақындық үні Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана толық және анық естілді. Ол 1918 жылдардан бастап өз елінің әлеуметтік өміріне белсене араласты. Қазақстанда Совет өкіметін орнату және нығайту жолындағы күрескерлердің қатарында болды. Өзінің туған інілері—Жакия, Салық Айнабековтер және өз жерлестері Абдолла Асылбеков, Хамза Жүсіпбеков, Есенбек Әубәкіров, Тұрысбек Мыңбаев, Әшім Омаровтармен бірге Ақмола Совдепінің жергілікті ұйымдарының істеріне барынша ат салысты. Облыстық (уездік) аудандық (болыстық) совет орындарында түрліше жауапты қызметтер атқарды. 1920 жылы Коммунистік партияның қатарына қабылданды.

К. Айнабеков 1921 жылы Орынбор қаласында өткен Советтердің Бүкілқазақстандық II-съезіне Ақмола уезінен делегат болып қатысады. 1923 жылы Москвада болып өткен Бүкілодақтық Көрменің қазақ бөлімінде қылқобызда ойнап, өз өнерін көрсетеді. 1925—28 жылдары Ақмола уезінің Нілді болысында болыстық атқару комитетінің

төрағасы болып істеді. Осы жылдардан бастап ол советтік өмір тақырыбына арнап өлеңдер жаза бастайды. «Кедейлерге», «Тілеу-ниетім», «Үндеу», «Азат құс», «Қазақстан үкіметінің мүшелеріне» деген өлеңдерінде қазақ кедейлерін, оның басшы қайраткерлерін жана өмірге белсене араласуға, өздерінің бойындағы барлық күш-жігері мен ақыл-ойын осы ұлы мақсатқа жұмсауға шақырды.



Қайып

Қайып Айнабеков 1929 жылдан бастап Қарағанды қаласында тұрды. Кеншілердің ерлік еңбегін өзінің жалынды жырларына қосты. 1943-50 жылдары шахта, аудан, облысаралық ақындар айтыстарына қатысты. Белгілі халық ақындары Ілияс Манкин, Сәби Әзденбаевтармен күш сынасты 1952 жылы ССРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды. Ақын 1955 жылы 29 қаңтарда, жетпіс жасында дүние салды.

Ақын Қайып Айнабековтің еліміздің саяси-әлеуметтік өміріне еркін араласып, қоғамдық-саяси тақырыптарға батыл үн қосуына елеулі әсер еткен революционер-ақын Сәкен Сейфуллин еді. Өйткені Сәкен 1916-17 жылдары Нұра өзені бойындағы Сұлтан-Ахмет ауылы (қазіргі —«Энтузиаст» совхозы) деген жерде мұғалім болып тұрады. Кейін ол (1927 жылы) Қ. Айнабековтің немере қарындасы —Гүлбаһрам Батырбекқызына үйленеді. Міне осыдан бастап Қайып Сәкенмен жақын дос, жақсы сырлас, жолдас болған. Олардың бұл достық-туыстық байланысы, қоғамдық және әдеби-творчестволық қарым-қатынастары дауылпаз ақын өмірінің соңғы кезіне дейін үзілмеген. Ел арасында «сал-сері— Қайып-пері» аталып жүрген аңғал ақынның алғаш саяси сауатын ашып, тұңғыш таптық санасын оятқан да, сол сияқты, тек махаббат, жастық, табиғат тақырыптарына ғана өлең шығарып жүрген «ауыл арасы ақынынан» үлкен саяси қайраткер, тап мүддесін жырлаушы сөз зергерін тудырған да Сәкен еді. Сондай-ақ Қайып өлеңдерінің алғаш баспасөз беттерінде жарияланып, жеке кітап болып басылып шығуына да. Сәкеннің көп көмегі тиген.

1924 жылы Совет Одағы Коммунистік партиясы мен Совет мемлекетінің негізін салушы В. И. Ленин қайтыс болғанда, қазақ ақындарының ішінен Ленинге арнап тұңғыш өлең жазғандардың бірі Қайып Айнабеков болды. Ақын бұл өлеңінде Лениннің ұлы тұлғасын суреттей келіп, былай деп жазды:

Тарлықта көсем, дана талықпаған,
Үздігіп ауыр жүктен, шалдықпаған.
Артынан ерген табың —еңбекшіге
Ақ жолы адым сайын анықталған.
Тар кешу, өттің талай тайғак жолдан,
Бір жазбай еңбекшімен қолды қолдан.
Әлемде жалпы адамның бағы үшін

Құн жетпес өміріңді еттің құрбан
Жер басып қыбырлаған көп-ақ адам,
Келеді соның бәрін сынап заман,
Тотығып тозса басқа, жаңарумен—
Қадірің дәуір сайып қымбаттаған
Қайып Айнабеков өзінің 1920-30 жылдардағы өлеңдерінде совет адамдарының ерлік еңбегін, олардың бойындағы тамаша адамгершілік қасиеттерді шабыттана жырлайды. Ұлы бесжылдықтар кезеңіндегі қолжеткен еңбектегі табыстарымызға оынды мақтан етеді. Ақынның алғашқы өлеңдер жинағы «Қырдың қызыл гүлдері» деген атпен 1928 жылы Қызылорда қаласында басылып шықты. Әрине

бұл жинаққа кірген өлеңдерде қазіргі талап тұрғысынан қарасақ, кейбір көркемдік және сталиндік кемшіліктер де байқалады. Бірақ соның өзінде де ол қазақ совет поэзиясының алғашқы қарлығаштарының бірі болуымен құндыда, бағалы. Қалыптың мұнан кейінгі өлең жинақтары 1951 және жылдары Алматы қаласында басылып шықты. Бұл кітаптың жарыққа шығуына қазіргі Қазақ ССР халық артисі Асқар Тоқпанов пен Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Сафуан Шаймерденовтер елеулі еңбек етті. Мұнан кейін ақын өлеңдері 1958 жылы Москвада, орыс тілінде шыққан «Қазақ поэзиясының антологиясынан» да орын алған. Кейінгі жылдары «Халық ақындары», «Ақындар айтысы», «Пернедегі термелер» «Ленин деп халық жырлайды» атты коллективтік жинақтарға енді.

Қайып өзінің шығармаларында өз елін сүюді, өз халқына айнамай, адал еңбек етуді уағыздайды. Ақынның ұғымында Отан—ана, ана болғанда, ол—аналардың анасы яғни, ең Үлкен Ана.

Бала үшін отқа түсер анасы да,
Ана үшін жанын қияр басысы да.
Анаға сонша күшті мейірім берген
Ұлы Отан —бар ананың анасы да.

Бұл кезде жасы келіп қалғанымен, оның жаны жас еді. Ол өзінің өлеңдерінде жалынды жастықты, шынайы достықты, асыл махаббатты әдемі де әсерлі етіп жырлай білді. Ақынның сүйген жарына, сүйікті балаларына, сыйласты туыстарына, дос жарандарына арнап жазған өлеңдерінен оның адал жар, қамқор әке, тамаша туыс, жақсы дос-жолдас бала білгенін аңғарамыз. Ақынның адамгершілік тақырыбына жазылған көптеген өлең-жырлары, тапқақтары, мақал-мәтелдері көркемөнерпаздар үйірмелерінің репертуарларынан берік орын алған.

Қайып— лирикалық шағын өлеңдермен бірге көлемді эпикалық шығармалар да жазған ақын. Оның «Қолаң», «Бұрабай», «Алып туралы әңгіме» атты дастандары қазақ совет поэзиясына қосылған елеулі үлес болып табылады. Ақын бұл поэмаларында біздің халқымыздың ұл-қыздарының қаһармандық бейнесін, ерлік істерін көрсетеді, шынайы сұлу сезімдерін суреттейді. Еліміздің тамаша табиғатының көркем картиналарын жасайды.

Қайып Айнабековтің ақындық мұрасы әлі толық жиналған жоқ. Оның жарық көрген үш кітап өлеңдерінен басқа да ел аузында жүрген немесе кезінде түрліше газет-журнал беттерінде басылып, оның өлең кітаптарына кірмей қалған туындылары да болуға тиіс. Әдебиет зерттеуші-ғалымдарымыз ақынның осы әдеби мұраларын жинап, бастырып, оларға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оның ақындық үнін оқырман қауымға кеңінен таныстырғаны жөн. Бұл іске Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облысаралық бөлімшесі мен Қарағанды мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен қазақ әдебиеті кафедралары мұрындық болуға тиіс. Тіпті қазіргі шаруашылық есепке көшкен жаңа жағдайда Қайып, Доскей, Ілияс Манкин, Көшен Елеуов, Жолдыкей Нұрмағамбетов сияқты артында «жолдаушылары» жоқ ақындардың шығармаларын жинап, бастырып шығару жұмысына-жәрдемші болатындай демеушілер (спонсорлар) іздеудің де артығы болмас еді. Бұл істі әр ақынның туған ауданы, ауылы, колхоз-совхоздары өз қолдарына алуларына болар еді. Өйткені бұл істен олар тек пайда көрмесе, материалдық, не моральдық зиян шекпейді.

Оның үстіне Қайып Айнабековтің өмірі мен өлеңдері—жинауға, зерттеуге, сонымен бірге мақтан етуге тұрарлық. Тіпті ақындық өнерін былай қойғанда, оның бойындағы тамаша адамгершілік, азаматтық асыл қасиеттері бүгінгі және кейінгі ұрпақтар үшін үлгі-өнеге бола алады.

Б. ЫСҚАҚОВ,
филология ғылымының кандидаты.